

КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕЛГЕН ЖАТАҚХАНА




4

МҰНАЙШЫНЫҢ ОТБАСЫНДАҒЫ
ТӨРТЕМНІҢ ТАҒДЫРЫ



6

«ЖАНДЫ САБАҚТАР»



8



Embi ТЫНЫСЫ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

№8 (72)
МАУСЫМ
2021 ЖЫЛ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

ЕМЫДЕ АРНАУЛЫ КИМ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ҚОРҒАНЫС ҚҰРАЛЫН ТАПСЫРУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ



«Embi Munaigas» басқармасында арнаулы киім және жеке қорғаныс құралымен қамту жобасы пилоттық жүйеде жүзеге асты. Жобаның мақсаты - жеткізу мерзімін қысқарту, мұнайшыларға арналған арнайы киім мен жеке қорғаныс құралдарының (бұдан әрі-ЖҚК) сапасын арттыру.

Маусым айының 11-і күні аталған басқарма базасында арнаулы киім және жеке қорғаныс құралын (ЖҚК) тапсыру орталығының ашылу рәсімі өтті.

➡ ➡ ➡ (Басы. Толығырақ 3-бетте)

Президентке Ұлттық компанияның бытырғы атқарған жұмыстарының нәтижелері туралы есеп беріліп, орта мерзімдегі даму стратегиясы таныстырылды.

Алик Айдарбаев Президентке «ҚазМұнайГаз» компаниясының дағдарыс жағдайында қаржылық тұрақтылықты сақтағанын және қазіргі уақытта пандемияға дейінгі көрсеткіштерге қол жеткізу бағытында жұмыс жүргізіліп жатқанын мәлімдеді.

Мемлекет басшысына Каспий қайраңындағы пайдалы қазбаларды игеру жөніндегі «Абай», «Исатай», «Жеңіс» және «Әл-Фараби» сияқты инвестициялық жобалардың қазіргі мәртебесі туралы ақпарат берілді. Алик Айдарбаев полипропилен, полиэтилен және бутадиең өндірісі бойынша мұнай-газ химиясы жобаларына қатысты жұмыстардың

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰҚАҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ АЛИК АЙДАРБАЕВТЫ ҚАБЫЛДАДЫ



барысына арнайы тоқталды. Сонымен қатар жаңартылатын қуат көздерін дамыту және қызметті

декарбонизациялау жөніндегі компанияның жоспарлары туралы айтты.

«ҚазМұнайГаз» ҰҚАҚ басқарма төрағасы Президентке Ұлттық компанияның

іске асырып жатқан әлеуметтік маңызы бар жобалары жайында, атап айтқанда, «Астрахан-Маңғышлақ» магистралды су құбырының қайта жөндеуі және Маңғыстау облысының Кендірлі кентіндегі су тұщытатын зауыттың құрылысы туралы баяндалды.

Кездесу қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев Алик Айдарбаевқа Ұлттық компанияның қаржылық тұрақтылығын одан әрі сақтауға, инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға, жаңартылатын қуат көздерін пайдалануға қатысты бірқатар тапсырма берді. Сондай-ақ, жұмыспен қамту мәселесін және компания қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайын бақылауда ұстауды тапсырды.

www.kmg.kz

АЙМАҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ҮКІМЕТ БАСШЫСЫ АТЫРАУДА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН БОЛДЫ

Өткен аптада ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин Атырау облысына жұмыс сапарымен келді. Сапар аясында Үкімет басшысы мұнай-газ химиясы және мұнай-газ машинасын жасау салаларындағы ірі инвестициялық жобалардың іске асырылу барысын тексерді.

Үкімет басшысы Қашаған кен орнында газды кешенді дайындау қондырғысы – газ өңдеу зауытының құрылысын бастап берді.

Кәсіпорынның өңдеу қуаты жылына 1 млрд м³ дейін шикі күкіртті газды құрайды, одан 815 млн м³ тауарлық газ және 119 мың тонна сұйытылған газ, 212 мың тонна күкірт және 35 мың тонна газ конденсаты өндірілетін болады.

Оны 2023 жылғы 4 тоқсанда пайдалануға беру көзделген.

Сондай-ақ, Премьер-Министр жылына 500 мың тонна полипропилен өндіретін Қазақстандағы алғашқы Интеграцияланған газ-химия кешенінің құрылыс барысын тексеріп, «Эр Ликид Карабатан Тех Газы» Қазақстан-Француз бірлескен кәсіпорнына барды. Бұған қоса, қуаты жылына 36 мың м² грейтинг және 60 мың тонна мырыштауды құрайтын «Атыраумұнаймаш» ЖШС грейтинг және ыстықтай мырыштау цехының жұмысымен танысты.

«Каспий мұнай» ЖШС аралау барысында Премьер-Министрге Атырау облысының Жылыой ауданындағы Айранкөл кен орнын 2019-2021 жылдары жүргізілген цифрландырудың нәтижелері таныстырылды – мұнай өндіру 10%-ға артты, шығындар 30%-ға азайды, операциялық қызмет 80%-ға жетілдірілді, мұнай қалдықтарының көлемі қысқартылды, пандемия кезеңінде кен орнын қашықтан бақылау және басқару мүмкіндігі енгізілді.



Сапар барысында Үкімет басшысы бекіре балығын өсіретін «Kaspi Bekiresi Limited» балық өсіру шаруашылығының қызметімен танысты. Премьер-Министрге, сондай-ақ, Атырау қаласының тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету инфрақұрылымын дамыту туралы баяндалды.

Жұмыс сапарына Атырау облысының әкімі Махамбет Досмұхамбетов, ҚР Президентінің көмекшісі Канат Бозымбаев, энергетика министрі Нұрлан Ноғаев, индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұлов, экология, география және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы Алмасадан Сәтқалиев, «ҚазТрансГаз» АҚ Басқарма төрағасы Қайрат Шәріпбаев, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма төрағасы Айдар Әріпханов, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Басқарма төрағасы Абай Сарқұлов және т. б. қатысты.

ҚР Премьер-Министрінің Баспасөз қызметі

МАРАПАТ



Адал еңбек абыройға жетелейді

Жуырда қазақ мұнай ғылыми - зерттеу геологиялық барлау институтында (КазНИГРИ) өткен геология саласының дамуына қатысты жиында елімізде геологиялық зерттеуге қосқан жеке үлесі үшін ембілік геологтар ұлықталды. «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары Қайрат Әділбекұлы ӘДІЛБЕКОВ «Қазақстанның үздік мұнайшы-геологы» төсбелгісімен, ал, геологиялық барлау жұмыстары қызметінің жетекшісі Ернұр Тасеменұлы ТАСЕМЕНОВ «Жер қойнауын барлаудың үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

Шара барысында Қазақстан мұнайшы-геологтар қауымдастығының президенті, геология-минералогия ғылымдарының докторы Балтабек Қуандықов әріптестеріміздің еліміздің геологиялық барлау саласына қосқан үлестерін ерекше атап өтіп, төсбелгілерін тапсырды.

«Бұл төсбелгілер жалпы ембілік геологтарының ортақ жетістігі», - дейді марапат иелері.

Айта кетейік, ЕМГ-нің 100 жылға жуық тарихында ембілік геологтар еліміздің геология саласында

айшықты қолтаңбаларын қалдырды. Ембінің тұтқырлығы жоғары мұнай кен орындарын игеру үшін Компанияда соңғы жылдары жаңа тәсілдер мен технологиялар енгізіліп, оң нәтижелерін беруде. Сондықтан, әріптестеріміздің кеуделерінде жарқыраған бұл төсбелгілер – барлық ембілік геологтардың ортақ мақсат-мүддесінің жемісі, еңбегінің бағаланғаны болса керек.

Әріптестерімізді лайықты марапаттарымен құттықтаймыз!

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Арнаулы киім және жеке қорғаныс құралын (ЖҚК) тапсыру орталығының ашылу рәсіміне компанияның топ-менеджерлері, өндірістік-құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен еңбекті және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қорғау бөлімдерінің жетекшілері қатысты.

- Өндіріс қызметкерлері үшін өзекті мәселенің бірі – арнаулы киімдердің және қорғаныс құралдарының ыңғайлы әрі қауіпсіз болуы. Мұнайшыларды бұған дейін алаңдатып келген арнаулы киімнің дене өлшеміне сәйкес келмейтін мәселесі енді толық шешімін табады. Іске қосылып отырған жобаның нәтижесінде жұмысшылар өз дене өлшемдеріне сай арнаулы киімдермен дер кезінде қамтылады. Орталықтың тағы бір ерекшелігі- жүйе толық автоматтандырылған. Жұмысшының арнаулы киім және ЖҚК алған уақыты жүйеге тіркеліп, келесі алатын мерзімі SMS хабарландыру арқылы белгілі болады. Әрбір қызметкердің арнайы киімі жеке деректері бар штрих-кодпен таңбаланады. Қазір жоба сынақтан өтіп жатыр. Өндірістік-құрылымдық бөлімшелердегі еңбекті және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қорғау бөлімдерінің жетекшілерінің сауалдары-ұсыныстарына сай жоба әлі де толықтырылады, - деп атап өтті ЕМГ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Канатбек Қасымғалиев.

Сервис орталығына арналған экскурсия барысында салтанатты шараға

Ембіде арнаулы киім және жеке қорғаныс құралын тапсыру орталығы ашылды



қатысушылар оралықтың заманауи тұжырымдамасымен – ресепшн-тұрағы бар күту залымен, киім өлшейтін орындарымен, қойма және тігін цехы бар жұмыс аймағымен танысты. Қазіргі уақытта мердігер компания – «Тігін индустриясы» ЖШС-гі «Ембімұнайэнерго» басқармасының 540-қа жуық маманына қызмет көрсетуде.

- Пилоттық жобашеңберінде енгізілетін бірыңғай кешенді жүйе кәсіпорынды ЖҚК қамтамасыз ету процестерін қамтуға және оңтайландыруға мүмкіндік береді. Егер бұрын арнайы киімді және аяқ киімді, ЖҚК жеткізу бойынша жұмыс схемасында 12 бизнес-процесс көзделсе, енді олардың саны 4-ке дейін қысқарды. Қазір SAP-пен синхрондалған, арнайы киімді есепке алу мен бақылауды жүргізуге және әрбір цех пен қызметкер бойынша кәсіпорынның қамтамасыз ету нормаларын бақылаудың, бухгалтерлік есептерді бақылаудың мүмкіндігі бар. Сонымен қатар, әрбір қызметкердің дербес деректері бар жеке кабинетінің болуы да артықшылық болып табылады, - дейді «Тігін индустриясы» ЖШС-нің бас директоры Сергей ГРИГОРИАДИ.

Ашылу рәсімінен кейін шараға қатысушылар орталықтың алдағы уақыттағы жұмыстары туралы ойларын ортаға салды.



КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕЛГЕН ЖАТАҚХАНА – МҰНАЙШЫЛАР ИГИЛІГІНЕ

«Ембімұнайгаз» АҚ үшін басты қағида - қарапайым еңбек адамының жағдайы. Ембілік өндіріс алаңдары әлеуметтік нысандармен толықтай қамтылып, бүгінде оларды жаңғырту жұмыстары жүріп жатыр.

«Ембімұнайгаз» АҚ басшылығының ұжым мүшелерімен болған есептік кездесулерінде мұнайшылар тарапынан көбірек айтылған сыни пікірлер мен ұсыныстардың басым бөлігі – өндіріс алаңдарындағы әлеуметтік нысандардың бүгінгі жағдайына қатысты болған еді. Есептік жиында компания басшылығы мұнайшылардың алаңсыз еңбек етуіне қажетті әлеуметтік жағдайларды жақсартуды басты назарда ұстайтындығын атап өткен болатын. Әлеуметтік жағдайға басымдылық беру аясында Ембі өндірісінде құрылыс жұмыстары кең қарқынмен жүргізілуде. Бүгінде Компания тек өндірістік секторда ғана емес әлеуметтік салада да пилоттық жобаларды іске қосып отыр. Әлеуметтік нысандарды жаңғырту жұмыстарын батыл қолға алуда. Соның бірі – жуырда «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты

Кенбай кен алаңындағы №3 жатақханаға күрделі жөндеу жүргізіліп, пайдалануға берілді.

«Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің бастығы Айнұр Хаменованың айтуынша, 2020 жылдың қыркүйек айында басталған құрылыс жұмыстары талапқа сай толығымен орындалды.

- Мұнайшылар жатақханасының шатыры, есік, терезелері алмастырылды. Ғимараттың ішкі және сыртқы қас беттері әктеліп, инженерлік жүйелері жаңартылды. Нақтыласақ, нысанның жылыту, желдету жүйелері мен су құбырлары, кәріз, электрмен жабдықтау, өрт дабылы және сыртқы жылу трассалары толығымен ауыстырылды. Жаңартылған жатақхана қажетті бөлмелермен, киім кептіретін, үтектетін бөлмелермен, қажетті техникалармен толық қамтылған, - дейді «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы әлеуметтік

қамсыздандыру бөлімінің бастығы Айнұр Хаменова.

Айта кетейік, жатақханаларды заманға сай типтік жүйеге көшіру мақсатында 2018 жылы жылы 500-ге жуық адам жұмыс жасайтын аталған кен орнында 100 орындық модульдік жатақхана пайдалануға берілген болатын.

- Компаниямыз жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға үнемі көңіл бөледі. Біз мұны көріп, сезіп жүрміз. Жарқыраған, кең, жайлы жатақханамызға орналастық. Күні бойы өндірісте еңбек етіп, шаршаған мұнайшылардың алдынан ыстық дәмді тағам, демалатын жайлы орын күтіп тұрса, одан асқан не керек?! Кешкі бос уақытымызды да тиімді пайдалану үшін кен орындарындағы жатақханалар оқу бөлмесі, тынығу бөлмесі, ойын бөлмелерімен қамтылуда, - дейді Кенбай кен орнының мұнай-газ өндіру цехының пультоператоры Кәмшат МАКУОВА.



ҰСЫНЫС. ПІКІР. ТІЛЕК.

ӨНДІРІСТЕ ВАХТА МЕРЗІМІ САҚТАЛУДА

Карантиндік шектеу кезінде «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты барлық басқармалардың өндіріс алаңдарында вахта мерзімі өзгерді. Компания басшылығы өндіріс басында жұмысшылардың денсаулығына, өміріне келер қауіпті дер кезінде көре біліп, дереу тиісті шешім қабылдады. Вахта уақыты ұзартылды. Бұл шешім, әрине, Атырау облыстық санитарлық бас дәрігердің төтенше жағдайға қатысты жарияланған Қаулысын негізге ала отырып, қабылданды. Мұндай шешімге баруымыздың себебі, жұмысшыларға жан-жақты түсіндірілді. Пандемия індетінің алдын алу, дертті таратпау – бүгінгі таңда өзекті екенін біз жақсы түсіндік. Әрине, аталмыш шешім, өндіріс басында ұзақ уақыт тапжылмай еңбек ету оңай болмады.

Басқармадан келген бұйрық бойынша шұғыл түрде келген вахта екі топқа бөлініп, бір тобы оқшаулауда жатты. Барлық мердігер мекеменің жұмысы тоқтатылды. «Кенбай» мұнай-газ өндіру цехына қарасты Шығыс Молдабек пен Солтүстік Қотырмас кен орындары бойынша төрт оператордың жұмысын бір оператор атқаруға мәжбүр болды.



Бірақ осыған қарамастан өндіріс тоқтаған жоқ, қойылған мақсаттар мен жоспарлар толықтай орындалып, мұнайымыз тұрақты өндірілді. Мысалы, жойылуда болған ұңғы жаңа интервалдан аттырылып, жоспарлы түрде іске қосылды, көптеген мұнай құбырлары мен жаңадан келген су тарату пункттері өз күшімізбен ауыстырылды, шұғыл түрде топтық өлшеуіш қондырғының ішінде көптеген ысырмалар ауысты-

рылды. Ұжым мүшелерінің бірі өндірісте, ал, жартысы оқшаулауда болса да, ешқайсысы бос жатпады. Біреуі тал суарып, жерін қопарса, екіншісі асханаға келген тағамдарды түсірісті, үшіншісі әлеуметтік тұрмыстық жағдайларға қол ұшын беріп көмектесті. Ұзақ уақытқа дайын болмаған халық ең жақын елді мекен 40 шақырым жерде болғандықтан күнделікті керек жарағын да үнемдеп отыруға тура келген. Қиындық туған сәттерде ұжым «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» ұйымшылдықпен жұмыс атқара білді.

Бүгінде сол қиындықтар жайлап артқа қалуда десек те, қауіп мүлдем сейілген жоқ. COVID-19 пандемиясы өмірімізден толық жойылмайынша бұл қауіп сақталады. Қауіп бар жерде сақтандыру шаралары үнемі назарда болары хақ. Мен бұл ойымды неге ортаға салып отырмын. Сақтандыру шаралары үнемі дағдымызға айнамайынша денсаулығымызға жан-жақтан қауіп төнеді. Бұл нені білдіреді? Бәрімізге оңайға соқпаған вахта мерзімін ұзарту қайтадан қолға алынуы мүмкін. Мен мүмкін екендігін ғана құлақдар етемін, іске қосылады дегенді ұқтырмайды. Біздің мақсатымыз - өндірісті тоқтатпау, оның бірқалыпты жұмыс жасауына бар күш-жігерімізді жұмсаймыз. Өндірістің үздіксіз жұмыс істеуі - ол жоспардың орындалуы, ал, жоспардың тұрақты жүзеге асуы - біздің жұмыс орнымыздың, табысымыздың сақталуына мүмкіндік беретінін естен шығармайық.

Қазіргі таңда Ембі өндірісінде жағдай тұрақты. Өндірістік көрсеткіштер жүзеге асуда. Вахта мерзімі 14 күндік қалпын сақтап отыр.

Бұл – мұнайшылар үшін үлкен қуаныш. Көңіл-күйіміз жақсы, көтеріңкі көңіл-күй табысты еңбекке жетелері даусыз.

Ержан АЙТЖАНОВ,
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ Кенбай
мұнай және газ өндіру цехының бастығы

ВАХТА МЕРЗІМІНІҢ ҰЗАРҒАНЫН ҚАЛАМАЙМЫН

Коронавирусқа қарсы вакцина жайында алып-қашпа, шындыққа жанаспайтын әңгімелер әлі де толастар емес. Мұны тек халықты қорқытудың жолы деп білемін.



Вакцина – коронавирус індетіне қарсы ең тиімді тәсіл. Бұл індеттің алдын алмасақ, соңы неге апаратынын бәріміз жақсы білеміз. Өткен жылғы күрделі кезеңді, күн-апта сайын ағайын-туысымыздан, жақындарымыздан айырылып, қабырғамызды қайыстырған сәттерді ұмытқанымыз жоқ. Өз басым әр күнді статистикаға елендеумен, үреймен өткізгенмін. Енді қатерлі індеттің бетін қайтаруға мүмкіндік пайда болды. Сол себепті, мен COVID-19 инфекциясына қарсы екпе алдым. Әріптестерімнің алдындағы жауапкершілігімді сезінгендіктен.

Аурудың таралуын болдырмас үшін компания басшылығы өткен жылы вахта мерзімін ұзартуға мәжбүр болды. Шүкір, кейін режим қалыптасты. Қазір вахта құрамы 14 күн сайын алмасып тұр.

Жұмыста жүргенде инженерлік-техникалық құрамымен, мұнайшылармен, мердігер мекемелер мамандарымен күнделікті тығыз жұмыс жасаймыз. Ал, ауру әлі бәсеңсіген жоқ. Яғни, індет кері өршімесіне ешім кепілдік бере алмайды.

Сондықтан, мен вахта мерзімінің кері 28 күн болғанын қаламаймын. Отбасымызбен уақытында, еш кедергісіз қауышып, жұмыс пен демалыс режимін алаңсыз жоспарлағанға, ертеңгі күнімізге сенімді болғанға не жетсін?!

Тек жаппай вакцинация қауіпті вирустың таралуын біржола тоқтата алатынына және жақындарымыздың денсаулығы мен өз қауіпсіздігімізге алаңдамай, жұмыс кестесінің тұрақты болуына септігін тигізетініне сенімдімін.

Жәнібек ЕЛІБАЙ,
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Терең-Өзек цехының
қабат қысымын қолдау операторы

ӨЗІМІЗ ҮШІН ЕМЕС, АЙНАЛАМЫЗДАҒЫЛАРДЫҢ АМАНДЫҒЫН ОЙЛАЙЫҚ...

Жаһанды жайлаған індетпен күрестің ең тиімді де дұрыс жолы – оған қарсы жаппай екпе салдыру, ұжымдық иммунитетті қалыптастыру. Бұл – әлем мойындаған шешім.

Мен өзіме, туыстарым мен әріптестеріме қауіп төндірмес үшін мүмкіндікті пайдаланып, екпе алдым. Бұл жаһандық індетпен күрестегі ең маңызды қадам деп білемін. Екпе алу – еліміздің әрбір азаматының парызы. Ең әуелі ата-ана, бауыр, балаларымызға, әріптестерімізге, сосын елге қауіп төндірмеу үшін.

«Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлеріне екпені қызметінен алыстамай ақ алуы үшін барлық жағдай жасалған. Қазіргі уақытта Атырау қаласы Ш.Уәлиханов көшесіндегі «Интертич» филиалында және «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы кеңсесі жанында ғимаратта 2 вакцинациялау пункті ашылды.

Елді індеттен сақтауды, оны түбегейлі жоюды өзімізден бастайық. Мен ұжымымның алдындағы жауапкершілігімді сезініп, өзгеге қауіп төндірмеу, өзімнің денсаулығымды сақтау мақсатында екпе алдым. Екпе алуымыз тек өзімізді ғана қорғап қоймай, еңбек еткен ортамызға да сақтықты қалыптастырады.

Серік ДЖАМБУРИЕВ,
«Ембімұнайэнерго» басқармасының
өндірістік-техникалық тобы жетекшісінің орынбасары

ЕРТЕҢГІ КҮНГЕ СЕНІММЕН ҚАРАУ - ӨЗІМІЗДЕН

Менің ойымша, COVID-19 вирусымен ауыруға жол бермеу керек. Өз басым ерікті түрде вакцина алдым. Бұл осы дертті жеңуге ықпал ететін бірден-бір тиімді шешім деп білемін.



Өйткені, вакцина дерттің асқынуының, тіпті инфекциядан өлім жағдайының алдын ала алады деп есептеймін. Тағы бір себеп – мен қорыққым келмейді.

Вирус жұқтырған адамдар санының күн санап өсуі өзімнің және отбасымның, ұжым мүшелерінің денсаулығына жауапкершілікпен қарауға және екпе алуға мұрындық болды. Бір кабинетте 8 сағат бойы бірге отырған әріптестер бір-бірінің денсаулығына жауапты екенін ұмытпаған жөн. Мен осы жауапкершілікті жақсы сезініп, әріптестерімнің арасынан алғашқы болып екпе алдым.

Адамдар вакцина аларда өз организмдерінің ерекшеліктеріне мән беруі керек. Мен Спутник V вакцинасын алған екі кезеңде де еш жанама әсер байқалмады.

Динара УТЕНОВА,
«Ембімұнайгаз» АҚ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау
департаментінің қоршаған ортаны қорғау жөніндегі инженері



ВАКЦИНАНЫ ІНДЕТПЕН АУЫРҒАН
АДАМДАРДЫ ЕМДЕУ ҮШІН
ҚОЛДАНУҒА БОЛА МА?



КВИ-ға қарсы вакцинация
профилактикалық мақсатта жүргізіледі.

Вакцинациялаудан өтудің негізгі
екі себебі - **өзіңізді қорғау және
айналадағыларды қорғау.**

Вакцинация денсаулық жақсы кезде ғана
жүргізіледі, **аурудың белгілері болған
кезде вакцинация жүргізілмейді.**



COVID-19 ҒА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯЛАУ
МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ CALL ОРТАЛЫҚ

WWW.HLS.KZ

БҰЛ КЕЗЕҢ - БӘРІМІЗ ҮШІН СЫНАҚ

Жақындарамыз бен айналамыздағыларды қорғау да, өзіміздің қорғануымыз үшін де – коронавирусқа қарсы вакцина алу өте маңызды. Қауіпті індетпен күресіп, әрі вакцинациялау жұмыстарын қарқынды жүргізіп жатқан медицина қызметкерлеріне ризашылығым зор.

Бұл күрделі кезең – бәріміз үшін сынақ. Адамзаттың бұл індеттен құтылуы біз жасаған қадамға байланысты.

Осыған орайда, мен өзімнің, отбасымның, ұжымымның аمانдығын сақтау үшін, өзге әріптестеріме қауіп төндірмеу үшін вакцина алдым. Екпе ағзама еш теріс әсер берген жоқ. Денсаулығым бірқалыпты. Көңіл-күйім жақсы.

Екпе алған әр адам аурудың алдын алуға, оны жеңуге, сол арқылы ұлттың саулығын сақтауға үлкен үлес қосады.

«Бірігіп пішкен тон келте болмас» дегендей, бірлігіміз бен жауапкершілігіміздің арқасында біз бұл дертті жеңерімізге сенемін.

Қанат НҰРМАШЕВ,
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ
Терең-Өзек цехының бастығы



ЕКПЕ ЖАСАТҚАННАН KEЙІН
НАШАР СЕЗІНСЕ, НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?



КВИ-ға қарсы екпе салдыртқаннан кейін
егілген адамға алғашқы 30 минутта және
иммундаудан кейін 3 күн бойы
медициналық бақылау жүргізіледі.

Егер бақылау кезеңінде екпе жасатқан адам
нашар сезінетінін байқаса, дереу тұрғылықты
жердегі емханаға қоңырау шалып,
учаскелік дәрігерді үйге шақыру керек.



COVID-19 ҒА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯЛАУ
МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ CALL ОРТАЛЫҚ

WWW.HLS.KZ

2002 жылы жылыойлық Ардақ Тағаниязовтың отбасында төрттем дүниеге келген еді. «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының арнаулы техника және автокөлік керуенінің цементтеу агрегатының машинисі Ардақ Тағаниязовтың қуанышына ортақтасып, төрттемнің мектепке барған сәттерінен, жазғы демалыстарын қалай өткізіп жатқаны жөнінде «Мұнайлы мекен» газетіне материал дайындаған болатынбыз. Ол кезде мұнайшы балаларының жазғы және қысқа каникулдары компания тарапынан ұйымдастырылып, балалар алдын-ала дайындалған лагерьлерде демалыс уақыттарын тамаша өткізетін. Тағаниязовтардың отбасындағы төрттем Мәншүк пен Әлия, Махамбет пен Исатайдың Алматы қаласындағы «Альтаир» лагерінде жаздың тамаша сәттерін бірге өткізіп жатқаны туралы қуана жазған едік. Төрттемнің шаттыққа толы жүздері бейнеленген фото да газеттен өз орнын тапқан болатын (жоғарыдағы бірінші фото). Содан бері араға 11 жыл уақыт із салған екен.



МҰНАЙШЫНЫҢ ОТБАСЫНДАҒЫ ТӨРТЕМНІҢ ТАҒДЫРЫ

Жақында Тағаниязовтардың отбасында тағы да үлкен қуаныш болып жатқанын естідік. Осыдан 11 жыл бұрын «Мұнайлы мекен» газетіне жарияланған материалымызға арқау болған төрттемнің екі ұлы Исатай мен Махамбет азаматтық борыштарын аман-есен өтеп, жақында ауылға оралды. Біз де қуанышқа ортақтасып, мұнайшының отбасына телефон шалдық.

Балалардың анасы Гүлшат Жармұханова «Алтын алқамен» марапатталған «Батыр ана». Тағаниязовтардың отбасында 7 бала тәрбиеленуде. Балалардың үлкені Ғұсман заңгер мамандығы бойынша оқу орнын бітіріп, бүгінде осы салада табысты еңбек етуде. Үйленген, екі бала дүниеге келді. Одан кейінгісі Нұрлыгүл, экономист мамандығы бойынша колледж бітірген. Бүгінде



бейімделесін. Әп-сәтте есейіп кеткендей боласын.

Қазақ отбасы үшін көп балалы отбасы болу таңсық емес. Бақыт балалы үйге қонады. Ал, көп баланың анасы болу нағыз ерлікке татиды. Көп балалы ана болу оңай емес.

- Көп балалы отбасында береке- бірлік үйлесімін табады. Біреулерге көп баланы тәрбиелеу, жеткізу, қатарынан қалдырмай жетілдіру- қиын болып көрінуі мүмкін. Алайда, әр баланың өз несібесі бар. Әрбір бала - үлкен бақыт,-дейді «Батыр ана» Гүлшат пен отағасы Ардақ.

Ардақ пен Гүлшаттың биыл шаңырақ көтергендеріне 26 жыл толады.

Түйін: —
Әрбір отбасы —
шағын мемлекет десек,
тәуелсіз қазақ елінің
келешегі ұрпағына са-
налы тәрбие бере білген
жанұялардың төрінен
бастау алса керек-ті.

қасиеттерді байқайсың бойыннан,-деген Исатайдың сөзін Махамбет жалғады.

- Әскер қатары әрбір ер-азаматты шыңдайды. Бұл жерде баршаға ортақ қатаң тәртіпті сақтауды, бұйрықты бұлжытпай

орындауды біз әскери өмірден үйрендік. Үйреніп қана қоймадық, жақсы қасиеттерді бойымызға дарыттық. Туған үйіңнен шалғайда жүргенде әр нәрсеге тереңдей бойлайсың. Ойланасың, өмірдің әр қырына



тұрмысқа шыққан, бір баланың анасы. Отбасының үшіншісі Ақжол да заңгер мамандығын игерген. Төрттемнің екеуі Мәншүк пен Әлия бүгінде Атырау қаласындағы Бизнес және құқық колледжінің 4-курс-ында оқып жатыр. Болашақ IT мамандары. Ал, Исатай мен Махамбет жақында Алматының іргесінде орналасқан №6654 әскери бөлімшесінде азаматтық

борыштарын өтеп қайтты.

- Әскер қатарына 2020 жылдың 8-маусымы күні шақырылған едік. Бір жыл бойы туған үйіңнен жырақта болу оңай емес. Алайда, пайдасын да сезіндік. Айналаңда болып жатқан әрбір нәрсеге, оқиғаға басқаша көзбен қарайсың, ағайын-тумаға деген ерекше бауырмалдылық, қасындағы жолдасыңа деген сыйластық



Мен әкем еңбек ететін Компанияның болашағын қалай көрсемін?

Мен де қара, мұнай қара, жер қара,
Қара қазақ мекендеген кең дала.
Марапаттап мұнайшы мен мұнайды,
Қара алтын деп атап кеткен ел дана!

«Мұнайлы астана» атанған Атырау неткен бай десеңші шіркін! Мұнай – бұл біздің асыл қазынамыз, қара алтынымыз. Қазақтың кең байтақ жері ғана емес, жер түбі де ерекше байлыққа толы. Қойнауы мен беті астасып жатқан қазақ деген ұлттың еш арманы болмас! Ал, сол байлықтарды өндіретін жұмысшылар қазынаны жер бетіндегі барлық адамзатқа паш етуші падишаһ тәрізді. Мен неге мұнай мен мұнайшы жайлы сөз қозғап отырмын?! Оны өздеріңіз түсініп те отырған шығарсыздар...

Иә, менің бұл тақырыпты қозғау себебім, менің әкем – мұнайшы. Әкемнің жұмысы туралы айтпас бұрын, өзімді таныстырып өтейін. Отбасымызда әкеден тараған бесеуіміз. Әпкем Жұдыз – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің 1 курс студенті «Үздік жас ақын 2021» медалының иегері. Інілерім – Сәтбек, Назарбек, Бердібек. Екі інім – Х.Наубетов орта мектебінің оқушылары, ал, кішкентайы әлі балабақшаға да бармады. Мен әкемнің қызғалдақтарының ішіндегі кенжесі боламын. Жасым 15-те. Биыл Х.Наубетов атындағы орта мектептің 9 сыныбын тәмамдап жатырмын. Жанбай балалар саз мектебін бітіргенмін. IV және V «Ақ сұңқар» халықаралық балалар мен жасөспірімдер фестиваль-конкурсының I дәрежелі лауреаты атандым. Баян атты аспаптың құлағында ойнадым. Көптеген жарыстардың жеңімпазымын.

Енді әкемнің жұмыс орнына көшейін. Әкем «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында оператор болып қызмет атқарады.

Мен әкем еңбек ететін Компанияның болашағы жарқын болатынына кәміл сенемін. Себебі, мұнай – байлығымыз, асыл қоржынымыз. Кереметтей мұнайшыларымыз барда қазақ елінің



байлығы ешқашан таусылмақ емес.

Ана – үйдің адамы, әке ол қашанда түздің адамы болып есептеледі. Бірақ, бәрібір әкенің орны бала үшін ерекше. «Балаларым аш қалмасыншы, қатарынан кем қалмасын, ел балаларымен тең дәреже өмір сүрсін» деп тіпті, жер қойнауына сүңгуге де дайын тұрады. Әке – батыр, әке – қамқоршы. Сондықтан, мен әкемнің мұнайшы болғанына мақтанамын. «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы – әкем үшін мақтанарлықтай жер. Әкем үнемі өзінің әріптестері, жұмыс орны жайлы қуанышпен айтып отырады.

Осындай мұнайшыларымыздың арқасында қазақ елінің сан-салалы қоғамы өркендей бермек.

Құндыз ӘНУАРБЕКОВА

Менің әкем ел дамуына қандай үлес қосып жүр?

Мен – көпбалалы отбасының бір мүшесімін. Отбасыма 6 адамбыз: әкем, анам, апам, інім, қарындасым және мен. Осындай үлкен жанұяның мүшесі болғанымға қатты қуанамын.

Бүгінгі мақаламды асқар тау әкеме арнағым келіп отыр. Ол – отбасымыздың тірегі, мақтанышы. Оның аты-жөні Ерекешов Аймұрат Сансызбайұлы. Жасы 37 – де. Әкем әрдайым әділдікті ту етіп, үнемі жақсылық жасауға асығып тұрады. Мені үлкендерді құрметтеуге, кішілерге қамқор болуға үйретіп, сабақта үлгілі оқушы болуға көмектеседі. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей, әкем де – жеті атасынан бойына шеберлік қасиеті дарыған өнерлі адам. Ол үнемі «Еңбек бәрін де жеңбек» деп айтып отырады.

Жұмысында еңбекқор, өз ісінің кәсіби маманы. Ол «Ембімұнайгаз» АҚ «Ембімұнайэнерго» басқармасының Кенбай кен орнында elektrik болып қызмет атқарады.

Бір сәт әлемді жарықсыз елестете алмайтынымыз сияқты, elektrik мамандар болмаса, мұнай өндіру компаниялары да жұмыс жасай алмас еді. Сондықтан, мен оларды бүкіл әлемге жарық сыйлап жүрген жандар деп есептеймін.

Менің әкем еңбек етіп жатқан «Ембімұнайгаз» компаниясы – еліміздің мұнай өндірісінде алдыңғы қатардан көрініп жүрген кәсіпорын. Және ел экономикасының дамуына үлкен үлес қосып жүр. Әрине, мұнда менің әкемнің де үлкен еңбегі, сүбелі үлесі жатыр.

«Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң арқалан.

Сен де кірпіш дүниеге

Тетігін тап та, бар қалаң!» - деген Абай атамның осы бір өлеңі маған үлкен күш береді. Әкем сияқты мен де алдыма үлкен мақсат қойып, елімнің бір кірпіші болып қаланып, ел дамуына өз үлесімі қосқым келеді. Елімізде менің әкем сияқты ел дамуына зор үлесін қосатын патриот әкелер көбейе берсін деп бала жүрегіммен тілеймін.

Нұрәлі САНСЫЗБАЙ

«МҰНАЙШЫ ҚЫЗ» КЛУБЫ

«Мұқтаж жанға демеу болу - адамгершілік болмысымыздың көрінісі» деген жылыойлық мұнайшы қыздар Құсары қаласындағы әлеуметтік көмекке зәру жандарға қолдау көрсетті.



«Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасындағы «Мұнайшы қыз» клубы мүшелерінің бастамасымен қайырымдылық шарасы ұйымдастырылды. Шара кезінде Жылыой ауданының орталығы Құсары қаласындағы тәрбиесінде мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасылар мен көпбалалы

жалғызбасты аналарға көмек берілді.

- Жылыойлық мұнайшылар әлеуметтік көмекке мұқтаж жандарды әрдайым қамқорлыққа алып келеді. Биылғы пандемияға қатысты жарияланған карантин кезінде және барша мұсылман қауымы

үшін қасиетті саналатын Рамазан айында мұнайшылар өз жалақылары есебінен ерікті түрде қаражат жинап, көп балалы отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі жандарға үлкен көмектер көрсеткен болатын. 1-маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай мұнайшы қыздар тағы да бастама көтеріп, қайырымдылық шарасын

Қайырымдылық - басты қасиет



жалғастырды. Балаларға қамқорлық тек аталмыш мереке күнімен шектелмесе керек-ті. Біздің басты байлығымыз – балаларға әркез қолдау жасап, олардың қоғамға, жақсы жандарға деген сенімін ұялату – басты мақсатымыз, - дейді «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы бастығының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары, «Мұнайшы қыз» клубының жетекшісі Балмаш ЖАҚСЫБАЕВА.

Мұнайшы қыздардың бастамасымен нәтижесін тапқан қайырымдылық шарасында жылыойлық көпбалалы отбасылары мен тәрбиесінде мүмкіндігі шектеулі балалары бар жанұялар (барлығы 5 отбасы) азық-түлікпен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар, оларға қаржылай да көмектер көрсетілді.

Айта кету керек, «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы қайырымдылық шараларын тұрақты түрде ұйымдастырып келеді. «Мұқтаж жанға әрдайым қолұшын созу – адамгершіліктің белгісі» деген ұстанымдағы ембіліктер дәстүрге енген қайырымдылық шараларын биылғы COVID-19 пандемиясы кезінде кең ауқымда ұйымдастырды. Көмекке зәру Атырау облысының тұрғындарына, медицина, құқық қорғау саласының мамандарына, денсаулық сақтау нысандарының қажетті құрал-жабдықтармен қамтылуына арнап қайырымдылық шараларын өткізген болатын.

Облыс орталығындағы орта мектептердің 100-ге жуық оқушысы Қазақстан мұнай-газ саласының тарихынан сыр шертетін «Ембімұнайгаз» АҚ-ның интерактивті мұражайында болып, қазақ мұнайының тарихымен кеңінен танысты. Айта кету керек, алдағы жылы «Ембімұнайгаз» кәсіпорнына 100 жыл толады. Жас өрендер арасында бастау алған аталмыш жобаның көздегені де ғасырлық тарихы бар қазақ мұнайының «қара шаңырағы» саналатын кәсіпорынның мол мұрасын көпшілікке насихаттау, жастарға жеткізу.

Аталған шара Атырау облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының ұйымдастырған балалар-жасөспірімдер туризмін дамыту мақсатындағы «Жанды сабақтар» экскурсиялық жобасы аясында өтті.

Өткен аптада, 7-11 маусым күндері аралығында оқушылар топ-топқа бөлініп, ақпараттық және заманауи технологиялармен жабдықталған мұражайға келіп, құнды мәліметтерге қанықты. Олардың қатарында Атырау қаласындағы Ж.Нәжімеденов атындағы №2 орта мектеп, М.Ломоносов орта мектебі, Ө.Атамбаев №8 атындағы орта мектеп, Х.Доспанова атындағы орта мектеп, №40 мектеп, Бесікті орта мектебі, И.Тайманов атындағы №27 орта мектептің оқушылары болды.

Айта кетейік, облыстық әкімдік қолға алған жобаның негізгі мақсаты – мектеп бағдарламаларын визуализациялау арқылы мектептен тыс жерлерде экскурсиялық сабақтар өткізу, мұнайлы өлкенің тарихымен таныстыру.

- Ел экономикасындағы жетекші сала – мұнай-газ секторының қалыптасуы, қарыштап дамуы осы интерактивті мұражайда кеңінен көрініс тапқан. Қазақ мұнайының бастауында тұрған Ембі өңірінің аталмыш сала тарихында алар орны ерекше екендігіне бүгін көзім жетті. Алғашқы «қазақ жұмысшы табы» қалыптасқан екен. Мұнай қалай өндірілетінін виртуалды көзілдіріктер арқылы көріп, көп нәрсеге қанықтым.

Ұлы Отан соғысы кезіндегі ембілік мұнайшылардың Жеңіске қосқан үлестері ұшан-теңіз екендігін біліп, кеудемді мақтаныш сезімі кернеді. Соғыстан кейін тоқыраған шаруашылықты қалпына келтіру жұмыстарында да мұнайшылардың үлестері мол. Біз сияқты қазіргі өскелең ұрпақ аға буынның осынау ерліктері мен еңбектерін біліп өсуі керек.

Болашақта мұнай-газ саласы мамандығының иесі атануға ниеті жастар бұл жерден көп ақпарат ала алады, дейді - М.Ломоносов атындағы орта мектептің 7 сынып оқушысы Айкөркем МҰРАТ.

- Қазақ мұнай-газ өндірісінің ғасырдан астам тарихы сонау ежелгі дәуірлермен сабақтасып жатыр. Бүгін біз Ембінің кен алаңы Қарашұңгілден алғаш мұнайдың табылуы, Қазақстан мұнай өнеркәсібінің қалыптасуы мен «Ембімұнай» тресінің құрылуы туралы деректерді осы мұражайдан таптық. Мұражайдың іші де керемет жасақталған. Галактикалық ертегі әлемінде жүргендей әсер қалдырды. Мұражайға келіп, менің де осы саланы дамытуға деген қызығушылығым арта түсті, - дейді Ө.Атамбаев атындағы орта мектептің 7 сынып оқушысы Айзада ЖАНСҰЛТАНОВА.

«Жанды сабақтар»

ОСЫндай ЖОБАМЕН ЕМБІНІҢ ИНТЕРАКТИВТІ МҰРАЖАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ЭКСКУРСИЯ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ



Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік басқармасы

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: ұйымдастыру бөлімі
Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

А.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimenova@emg.kmgp.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmgp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmgp.kz

Баспахана:

«Print House Geron» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3,

Х. Ерғалиев жағалауы бұрышы, 124 кеңсе.

Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Қ. Қасымғалиев - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Р.Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Г.Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Қ.Қалидуллин - әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры;

М.Русаев - еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті директоры;

Ж.Мұханғалиев - өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы;

А.Сүлейменова - ұйымдастыру бөлімінің қоғаммен байланыс жөніндегі менеджері.